

## ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА Арканзас (UA) Университеті

«МШӨӨӨТ» кафедрасының аға оқытушысы М.Б. Сағынбаева мен «Шет тілдері» кафедрасының ассистенті Г.М.Жалелова

2015 жылдың «30» қараша мен «18» желтоқсан аралығында Фейтвилл қаласы Арканзас университетінде (University Arkansas of Fayetteville, UA) ғылыми тағылымдама өтті.

Ғылыми тағылымдаманың мақсаты Арканзас университеті құс шаруашылығы ғылыми бөлімімен С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ арасындағы екі жақты ынтымақтастық келісім болып табылды.

- бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын зерделеу;

- UA силлабустарының құрлымын зерделеу;

- «Құс шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» пәні бойынша силлабус құрастыру.

Осы уақыт аралығында магистранттардың білім беру бағдарламасы бойынша жетекші оқытушылардан «Center of Excellence for Poultry Science»- Davon Koltas, PhD, физиолог; Young Min Kwon, PhD, микробиолог; Cassey M.Owens, PhD, «Құс шаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиясы» пәнінің оқытушысынан кеңес алынды.

Ғылыми-зерттеу фермаларында бройлер-балапандар мен күркетауық өсіру бағыты бойынша (өсіру цехы, инкубация цехы, азық цехы, сойыс цехы); «Tyson Foods» зерттеу орталығында (технолог Monica Stewart); «Cobb-Vantress Inc» өндірісінде Andrew Bourne ( Азия елдері бойынша инструктор) саяхаттар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, «Құс шаруашылығы өнімдерін өндіру» (Simmons компаниясы) семинар-сабақтарына және оқу семестрінің аяқталуына орай ұйымдастырылған «Оқыту-өнер» атты тақырыптағы оқытушыларға арналған семинарға қатыстық.

Тағылымдама барысында Center of Excellence for Poultry Science директоры М.Кидд мырзамен нәтижелі кездесу өтті. Тағылымдама нәтижесі ГПИИР бойынша Арканзас университетімен бірге құрастырылған жаңа екі жақты магистратуралық білім беру бағдарламасы аясында, «Құс шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» пәнінен сабақ беру енгізілетін болады.



